

# АНВАР ИСМАИЛОВ АТЫНДАҒЫ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІ



## Оқу-жұмыс бағдарламасы

**Іс-тәжірибе атауы:** Кәсіптік тәжірибесі

**Мамандық:** 0518000 Есеп және аудит салалары бойынша

**Біліктілік:** 051803 3 Экономист бухгалтер


**Оқыту нысаны:** Күндізгі, 9-сынып негізінде жалпы орта білім базасында

**Жалпы сағат саны:** 72

**Әзірлеуші:**  Тажибеков М.И.

Оқу-әдістемелік кеңесі отырысында қаралды және мақұлданды  
2022 ж. «27» тамыз № 1 хаттама

«Жалпы кәсіптік және экономикалық пәндер» пән бірлестігінің  
отырысында қаралды және мақұлданды  
Хаттама № 1 «25» тамыз 2022 ж.

Пән бірлестік төрағасы  Пернебаева Ж.Ж.

Ақсукент 2022 ж.

## Түсіндірме жазба

Пән/модуль сипаттамасы: Кәсіптік тәжірибесінің жұмыс оқу бағдарламасы төмендегілерді қамтиды

1. Негізгі экономикалық сұрақтарды, экономика теориясымен бизнес негіздерінің концептуалды нұсқаларын түсіну.
2. Елдің әлеуметтік-экономикалық бағым бағыттарын анықтап білу, елдің қысқа және ұзақ мерзімді бағдарламаларын талдау.
3. Экономика формаларын білу, олардың негізгі этаптарын, мазмұнын, стратегиялық жоспарлау және бизнес-жоспарлау, өндірістің негізгі экономикалық көрсеткіштерін анықтау.
4. Әлемдік экономиканы даму тенденцияларын талдау, мемлекеттің «жасыл экономикаға» ауысуының негізгі мақсаттарын білу.

Қалыптастырылатын құзіреттілік:

- Елдің ұзақ және қысқа мерзімді бағдарламаларын талдау;
- Дағдарыс көзі және оның салдарын түсіну;
- Елдің ұзақ және қысқа мерзімді бағдарламаларын талдау;
- Қойылған мақсаттарды жүзеге асыруға кедергі болатын проблемаларды шешуге дайын болу;

Постреквизиттер: «Нарықтық экономика негіздері», «Қазіргі өндіріс, маркетинг және менеджмент», Экономика негіздері

Пререквизиттер: Пәнді оқу барысында алынған білім, білік және дағдылар келесі пәндерді оқып үйрену үшін қажет: «Қазіргі өндіріс және маркетинг негіздері», «Экономикалық теория негіздері».

Оқытуға қажетті құралдар, жабдықтар: Жұмыс оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында дидактикалық және көрнекі құралдарды қолдану ұсынылады: Компьютер құрылғылары, оқу-әдістемелік құралдар.

Оқытушының байланыс ақпараты:

Тажибеков М.И.

тел.: +77782995252

e-mail:

**Оқу жұмыс бағдарламасының мазмұны**

№	Бағдарлама мазмұны (тараулар, тақырып)	Барлық сағат	Оның ішінде
			Зертханалық-практикалық
1.	Кіріспе	2	2
2.	Қаржылық есепті ұйымдастырудың мақсаттары мен қағидалары	2	2
3.	Ақшалай қаражаттар, несиелік қатынастар есебі	2	2
4.	Ақшалай аударымдар есебі	2	2
5.	Банк несиелерінің есебі	2	2
6.	Негізгі құралдар, олардың қаржылық есептегі топтасуы	2	2
7.	Негізгі құралдардың тозу есебі	2	2
8.	Материалдық емес активтер есебі	2	2
9.	Материалдық емес активтер амортизациясының есебі	2	2
10.	Материалдық қорлар есебі	2	2
11.	Тауарлы-материалды құндылықтардың есебі	2	2
12.	Материалдық құндылықтардың қоймадағы есебі	2	2
13.	Еңбек және оның төлемақысының есебі	2	2
14.	Төлемақы төлеу тәртібі, депонирленген сомалардың есебі	2	2
15.	Жинақтау зейнетақы қорларына және әлеуметтік салық қорларының есебі	2	2
16.	Өндіріс шығындарының есебі	2	2
17.	Шығындар түрлері	2	2
18.	Өндірістік жоғалтулар есебі	2	2
19.	Шығындар есебінің нормативті әдісі	2	2
20.	Өнімні өзіндік құнының калькуляциясы	2	2
21.	Дайын өнім және оны сату есебі	2	2
22.	Сатып алушылармен есеп айырысу есебі	2	2
23.	Қаржылық нәтижелер есебі	2	2
24.	Меншікті капитал есебі	2	2
25.	Сыртқы экономикалық қызмет есебі	2	2
26.	Тауарлар, жұмыстар және қызметтер импорты мен экспорт операцияларының есебі	2	2
27.	Ұйымның есеп саясаты	2	2
28.	Ұйымның қаржылық есеп беруі	2	2
29.	Есеп беру кезеңі және қаржылық есеп беру мерзімдері	2	2



30.	Қаржылық есептің салалық ерекшеліктері	2	2
31.	Ауыл шаруашылығы ұйымдарының есебі	2	2
32.	Ауыл шаруашылығындағы өндірістің жіктелуі	2	2
33.	Мал шаруашылығындағы өндірілген өнімнің есебі	2	2
34.	Егін шаруашылығы өнімдерінің есебі	2	2
35.	Қаржылық есептің туристік компаниялардағы ерекшеліктері	2	2
36.	Автокөлік ұйымдарындағы қаржылық есептің ерекшеліктері	2	2
<b>Сағат саны</b>		<b>72</b>	<b>72</b>

### Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

#### 1-Тақырып. Кіріспе

Пән және оны оқыту мақсаттары. Курстың басқа арнайы пәндермен байланысы. Курстың құрылуы және курстың жеке тақырыптарының мазмұны. Курс бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру.

#### 2-тақырып. Қаржылық есепті ұйымдастырудың мақсаттары мен қағидалары

Қаржылық есептің мақсаттары. Ұйымда қаржылық есепті ұйымдастырудың негізгі қағидалары. Басқару жүйесіндегі қаржылық есептің алатын орны. ҚР Президентінің «Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы» Жарлығы, қаржылық есептің халықаралық стандарттары. Қаржылық есеп шоттарының үлгі жоспары және оның құрылымы

#### 3-тақырып. Ақшалай қаражаттар және несиелік қатынастар есебі

Ақшалай қаражаттар, есеп айырысу және несиелік қатынастар есебінің мақсаттары. Банктердегі ұлттық валютадағы ағымдағы корреспонденттік шотының операциялар есебі. Банктегі ұлттық валютадағы ағымдағы корреспонденттік шотты ашу тәртібі және құжатты операцияларын рәсімдеу.

**4-тақырып. Ақшалай аударымдар есебі (2 сағат теория)** Ақшасыз есеп айырысу формалары. Ақшалай аударымдар есебі. Банктердегі басқа арнайы шоттар бойынша операциялар есебі. Банктердегі шетелдік валютадағы ағымдағы корреспонденттік шоты бойынша операциялар есебі. Бағамдық айырма түсінігі және есебі. Кассадағы ұлттық және шетел валюталарындағы операцияларды құжаттық рәсімдеу, есеп беруі және есебі.

#### 5-тақырып. Банк несиелерінің есебі

Алғашқы құжаттарды, кассалық және аванстық есептерді толтыру. Банк несиелері, құнды қағаздар, ақшалай құжаттар, дебиторлармен кредиторлармен есеп айырысу есебі, кассадағы есепті сома есебі, ағымдағы банк шотындағы теңге және валюталық әрекеттер есебі бойынша шоттар корреспонденциясын құру.

#### 6-Тақырып. Негізгі құралдар, олардың қаржылық есептегі топтасуы

Негізгі құралдар, олардың қаржылық есептегі топтасуы мен бағалануы. Негізгі құралдардың түсуі және пайдаланылуын құжатты есебін рәсімдеу. Негізгі құралдардың құрылу көздері. Ғимараттар мен құрылғыларды мердігерлік және шаруашылық әдістермен салу есебі.

#### 7-Тақырып. Негізгі құралдардың тозу есебі.

Негізгі құралдар қозғалысы бойынша алғашқы құжаттарды толтыру. Негізгі құралдарды жөндеу түрлері, орындау әдістері және есебі. Негізгі құралдардың амортизациясын есептеу,

негізгі құралдардың келіп түсуі және шығу әрекеттеріне байланысты шоттар корреспонденциясын құру.

#### **8-Тақырып. Материалдық емес активтер есебі.**

Материалдық емес активтердің түсінігі, маңызы, түрі және бағалануы. Материалдық емес активтердің түсуі, құрылуы және шығу себебі Материалдық емес активтер амортизациясының есебі.

#### **9-Тақырып. Материалдық емес активтер амортизациясының есебі.**

Материалдық емес активтердің түсінігі, маңызы, түрі және бағалануы. Материалдық емес активтердің түсуі, құрылуы және шығу себебі Материалдық емес активтер амортизациясының есебі.

#### **10-Тақырып. Материалдық қорлар есебі.**

Материалдық қорлар, олардың жіктелуі, бағалануы және есебінің мақсаты. Материалдарды қоймаға қабылдау және оларды өндіріске босатуын құжаттау. Материалдық құндылықтардың қоймадағы есебін ұйымдастыру.

#### **11-Тақырып. Тауарлы-материалдық құндылықтар есебі.**

Материалды-жауапты тұлғалардың есебі. Материалдық құндылықтарды сатып алу және жабдықтаушылармен есеп айырысу. Сатып алынған материалды құндылықтар бойынша қосылған құн салығы және акциздер есебі. Материалдық құндылықтардың бухгалтериядағы есебі. Өндіріске жұмсалған материалдарды бағалау тәсілдері. Тауарлы-материалды құндылықтарды мүліктік түгендеу және қайта бағалау. Мүліктік түгендеу қорытындысын рәсімдеу. Тауарлы-материалды құндылықтарды мүліктік түгендеу және қайта бағалау нәтижелерін есепте көрсету.

#### **12-Тақырып. Материалдық құндылықтардың қоймадағы есебі.**

Материалдық қорлар, олардың жіктелуі, бағалануы және есебінің мақсаты. Материалдарды қоймаға қабылдау және оларды өндіріске босатуын құжаттау. Материалдық құндылықтардың қоймадағы есебін ұйымдастыру.

#### **13-Тақырып. Ұйымдардағы еңбек және төлемақы есебі.**

Ұйымдардағы еңбек және төлемақы есебінің мақсаттары. Төлемақы нысандары мен түрлері. Тарифтік тор және оның разрядтары. Жұмыс уақытының есебі. Еңбек және оның төлемақысын құжаттау. Кесімді және мерзімді төлемақы бойынша алғашқы құжаттар. Есеп-төлем ведомосін құру,

#### **14-Тақырып. Төлемақы төлеу тәртібі, депонеттелген сомалардың есебі.**

Ұйымның төлемақы бойынша қаржылық есеп мәліметтерінің есептемедегі көрсетілуі. Жұмыс уақытын пайдалану есебінің табелі. Есеп-төлем ведомосы, есеп регистрлері. Төлемақының әр түрлі жүйесінде төлемақыны есептеу. Ауырғаны туралы қағаз, кезекті демалыс уақыты үшін жәрдемақы және сыйақы есептеу бойынша есеп жүргізу. Есеп-төлем ведомосын құру. Төлемақы есебімен байланысты операцияларға шоттар корреспонденциясын құру, бухгалтерлік есептің есеп регистрлеріне жазу.

#### **15-Тақырып. Жинақтау зейнетақы қорларына және әлеуметтік салық қорларының есебі.**

Төлемақы нысандары мен түрлері, тарифтік жүйе туралы. Жеке табыс салығы және төлемақыдан ұсталынатын басқа да ұсталынымдар туралы. Жинақтау зейнетақы қорына аударымдар және әлеуметтік салық туралы

#### **16-Тақырып. Өндіріс шығындарының есебі.**

Нарықтық экономика жағдайындағы өндіріс шығындары есебі мен бақылауының мақсаттары. Өндіріс шығындары есебін ұйымдастырудың негізгі принциптері және өндірістік есеп шоттарындағы өнімнің өзіндік құнының калькуляциясы.

#### **17-Тақырып. Шығындар түрлері.**



Тура шығындар құрамы мен сипаттамасы және олардың негізгі өндіріс шығындары элементтерінің шоттарында көрсетілу тәртібі. Үстеме шығындар, олардың құрамы мен сипаттамасы. Үстеме шығындарды тарату тәсілдері және есебі. Көмекші өндіріс және шығындар түрлері, олардың есебі мен көмекші өндіріс қызметтерін тарату.

#### **18-Тақырып. Өндірістік жоғалтулар есебі.**

Негізгі өндіріс шығындары есебімен және өнім өндірумен байланысты көмекші өндіріс, үстеме шығындар, өндірістік жоғалтулар есептерінің операцияларына шоттар корреспонденцияларын құру, осы операцияларды есеп регистрлерінде бейнелеу. Өнім және ақаудан болған жоғалтулар калькуляциясын құру.

#### **19-Тақырып. Шығындар есебінің нормативті әдісі**

Шығындар есебінің нормативті әдісінің мәні. Өндіріс шығындары есебінің негізгі әдістері. Өндіріс шығындары және өнімнің өзіндік құны калькуляциясы есебінің қайта өңдеу әдісін қолдану объектілері және сипаттамасы. Өндіріс шығындары және өнімнің өзіндік құны калькуляциясы есебінің процестік әдісі. Әлеуметтік сфера шығындарының түрі, мағынасы және есебі. Жалпы және әкімшілік шығындарының есебі.

#### **20-Тақырып. Өнімнің өзіндік құнының калькуляциясы.**

Калькуляция ұғымы, мәні және калькуляция объектілері. Өндіріс шығындары есебінің негізгі әдістері. Өндіріс шығындары және өнімнің өзіндік құны калькуляциясы есебінің қайта өңдеу әдісін қолдану объектілері және сипаттамасы. Өндіріс шығындары және өнімнің өзіндік құны калькуляциясы есебінің процестік әдісі. Әлеуметтік сфера шығындарының түрі, мағынасы және есебі. Жалпы және әкімшілік шығындарының есебі.

#### **21-Тақырып. Дайын өнім және оны сату есебі.**

Дайын өнім есебінің мақсаттары. Дайын өнімді бағалау. Дайын өнімнің қозғалысы, оны тиеу және сатуды құжаттау. Дайын өнімнің қоймадағы есебін ұйымдастыру. Дайын өнімнің бухгалтериядағы есебі. Дайын өнімді сату есебі.

#### **22-Тақырып. Сатып алушылармен есеп айырысу есебі.**

Дайын өнімді сату шығындарының есебі. Сатып алушылармен есеп айырысу есебі. Қосылған құн салығы бойынша бюджетпен есеп айырысу есебі. Тауар алмасу (бартерлік) кезіндегі дайын өнімді сату есебі. Дайын өнімді мүлктік түгендеу және оның нәтижелерін есепте көрсету

#### **23-Тақырып. Қаржылық нәтижелер есебі.**

Қаржылық нәтижелердің құрылу тәртібі. Табыс, жиынтық табыс, негізгі қызметтен түскен табыс (зиян), негізгі емес қызметтен түскен табыс (зиян), салық салынатын табыс және таза табыс ұғымы, қалыптасуы және есебі. Қосымша төленген капитал есебі. Резервті капитал есебі. Жиынтық табыс (зиян) есебі. Таратылмаған табыс (жабылмаған зиян) есебі.

#### **24-Тақырып. Меншікті капитал есебі.**

Меншікті капитал есебі. Жарғылық капиталдың құрылу тәртібі және есебі. Акционерлік қоғамдардағы жарияланған, шығарылған және айналымдағы акциялар. Төленбеген капитал есебі. Заңды тұлғамен сатылып алынған акциялар. Қайтарылып алынған капитал. Акция иеленушілердің құқықтары. Жай және артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтер төлеу және есебі.

#### **25-Тақырып. Сыртқы экономикалық қызмет есебі.**

Нарықтық экономика қатынастарындағы сыртқы экономикалық қызметтің негізгі бағыттары. Сыртқы саула операциялары: экспорт, импорт, реэкспорт. Сыртқы экономикалық қызметтің құжатты рәсімделуі. Тасымалдау шарттарының түрлері. Экспорт және импорт лицензиялау. Тауарлар, жұмыстар және қызметтер экспорты операцияларының есебі. Экспортерда және делдалдағы өнімді сату бойынша операцияларды көрсету.

**26-Тақырып. Тауарлар, жұмыстар және қызметтер импорты мен экспорты бойынша операциялар есебі.**

Тауарлар, жұмыстар және қызметтер импорты бойынша операциялар есебі. Әкелімнің кедендік құнын анықтау әдістері. Тауарлар реимпорты операцияларының есебі. Толлингтік операциялар есебі. Келісім- шарт, мәмілелер. Экспорт және импортқа лицензиялар, кеден декларациялары

**27-Тақырып. Ұйымның есеп саясаты.**

Есеп саясатының ұғымы және құрылуы. Қаржылық есеп стандарты. Қаржылық есеп стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу тәсілдерін таңдау. Бухгалтерлік есептің ұйымдастыруын, техникасын және формаларын таңдау. Есеп саясатын ашу

**28-Тақырып. Ұйымның қаржылық есеп беруі**

Экономикалық ақпарат жүйесіндегі қаржылық есеп берудің мағынасы. Ұйымның қызметі туралы қаржылық ақпаратты сыртқы және ішкі пайдаланушылар. Қаржылық есеп берудің құрамы. Бухгалтерлік баланс. Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижесі туралы есеп беру. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беру. Түсіндірме жазба. Қаржылық есеп стандарттары

**29-Тақырып. Есеп беру кезеңі және қаржылық есеп беру мерзімдері.**

Есеп беру кезеңі және қаржылық есеп беру мерзімдері. Жылдық қаржылық есеп беруді құрудық дайындық жұмыстары: негізгі құралдарды, тауарлы-материалдық құндылықтарды, ақша қаражаттары мен есеп айырысуларды мүліктік түгендеу нәтижелерін есепте көрсету; жинақтау және талдау есептері мәліметтерін салыстыру; баланс баптарын бағалауды тексеру. Қорытынды баланс және қаржылық есеп берудің басқа формаларын құру.

**30- Тақырып. Қаржылық есептің салалық ерекшеліктері.**

Ауыл шаруашылығы ұйымдары есебінің мақсаттары. Ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі ерекшеліктері және олардың бухгалтерлік есептің әдістемесі мен ұйымдастырылуына ықпалы.

**31-Тақырып. Ауыл шаруашылығы ұйымдары есебі.**

Ауыл шаруашылығы ұйымдары есебінің мақсаттары. Ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі ерекшеліктері және олардың бухгалтерлік есептің әдістемесі мен ұйымдастырылуына ықпалы.

**32-Тақырып. Ауыл шаруашылығындағы өндірістің жіктелуі.**

Ауыл шаруашылығындағы өндірістің жіктелуі. Ауыл шаруашылығындағы негізгі құралдар құрамы және есебінің ерекшеліктері. Негізгі табынды құру есебі. Негізгі табыннан шығарылған малдардың есебі. Ауыл шаруашылығындағы негізгі құралдарға салық салу есебінің ерекшеліктері.

**33-Тақырып. Мал шаруашылығындағы өндіріс шығындары және өндірілген өнімдерінің есебі.**

Мал шаруашылығының өндіріс шығындары және өндірілген өнімдерінің есебі. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы көмекші өндіріс шығындары және жұмыстары мен қызметтерінің, өнімнің өзіндік құнын есептеу ерекшеліктері. Осы жұмыстар мен қызметтердің құнын тарату және шығару тәртібі.

**34-Тақырып. Егін шаруашылығы өнімдерінің есебі**

Егін шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын (калькуляциялау) есептеу және оны сату. Өндірісті ұйымдастыру және басқару шығындары. Үстеме шығындар құрамы және оларды есептеу және тарату тәртібі. Егін шаруашылығының өндіріс шығындары және өндірілген өнімдерінің есебі. Егін шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын (калькуляциялау) есептеу.

**35-Тақырып. Қаржылық есептің туристік компаниялардағы ерекшеліктері**

Туристік қызмет көрсетулер мен олардың мәні. Туристік бизнес ұйымдарындағы бухгалтерлік есепті ұйымдастыру. Турөнімінің бағасының қалыптасу саясаты. Туристік



оператормен құрылған турөнімінің өзіндік құнынның шығындар құрамы және калькуляциялау. Турөнімін сатудан кірістер мен шығыстар есебі. Туристік агенттік қызмет.

### **36-Тақырып. Автокөлік ұйымдарындағы қаржылық есептің.**

Автокөліктік қызмет көрсетулер мен олардың мәні. Автокөлік ұйымдарындағы бухгалтерлік есепті ұйымдастыру. Негізгі құралдар есебі. Тауарлы-материалдық қорлар есебі. Автокөліктік қызмет көрсетулерден кірістер мен шығыстар есебі.

### **Әдебиеттер тізімі және оқыту құралдары**

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Молдахметова А.Б.Өтебаев М.Ө.Қазіргі заман экономикасы 2004ж
2. Сатыбалдыұлы С., Б. Байтанаев Маркетинг және менеджмент негіздері, 2007ж
3. Уткин Э.А., Кочеткова А.И. Практикум по курсу менеджмента 1998ж
4. Кречевсий Р. Если вы руководитель.М, 1993ж
5. Бекбосынова А. Салық жүйесінің негіздері, Фолиант,2011.
6. Айдарханов М.Х. Макроэкономика, оқу құралы,Фолиант,2013.
7. Нұрпейіс Е.Макроэкономика негіздері. Фолиант,2013.
8. Елшібаев Р.Қ. Кәсіпкерлік.Фолиант,2014.
9. Мадыханова К.А. Төлем жүйесі.2013.
10. Темірбекова А.Б. Экономикалық теория негіздері.2011.